

(2016 жылғы «__» _____ №1 хаттама)
құрылтайшылардың жалпы жиналысымен бекітілген

**«Бірлескен кәсіпорын «Будёновское»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ**

**Астана қаласы, Қазақстан Республикасы,
2016 жыл**



ПРЕАМБУЛА

2013 жылы 17 маусымда Премьер-министрдің бірінші орынбасары Б. Сағынтаев бекіткен (бұдан әрі - Жол картасы) Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын жүзеге асыру жөніндегі мемлекеттік органның іс-қимыл жоспарының 18 және 19 тармақтарына сәйкес («Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС-ның проблемалық мәселелерін шешу жөніндегі жол картасы) Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан «Буденовское» кен орнының № 6 және 7 учаскілерін игеру үшін бірлескен кәсіпорынды құру қарастырылған;

«Казатомпром» ҰАК» АҚ 2013 жылғы 19 қарашадағы тікелей келіссөздер жүргізу хаттамасына сәйкес (i) уранды барлау үшін жер қойнауын пайдалану құқығын, тиісінше Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан «Буденовское» кен орнының № 6 және 7 учаскілерінде уранды барлауға арналған 2015 жылғы 14 қазандағы Келісімшартымен қоса алды (мемлекеттік тіркеу № 4198-ТПИ-МЭ) және (ii) Жол картасының 19-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпке сәйкес Преамбуланың осы абзацында аталған келісімшарттағы барлық құқықты қайта құрылып жатқан «Бірлескен кәсіпорын «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруге ниет білдіреді;

«Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС «Бірлескен кәсіпорын «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің геологиялық барлау жұмыстарын қаржыландыру міндеттемелерін және «Бірлескен кәсіпорын «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан «Буденовское» кен орнының № 6 және 7 учаскілеріндегі геологиялық барлау жұмыстары барысындағы бүтін қаржылық тәуекелдерді өзіне алуға дайын;

«Самұрық-Қазына» АҚ басқармасы 2015 жылы 29 сәуірде «Казатомпром ҰАК» АҚ» (51%) және «Степногорск тау-химия комбинаты» ЖШС (49%) бірлесе отырып, бірлескен кәсіпорынды құру туралы № 15/15 шешімін қабылдады, ал «Казатомпром» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесі 2015 жылы 27 тамызда «Буденовское» БК» ЖШС құру туралы № 12/15 шешімін қабылдады.

1-БАП. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. «Бірлескен кәсіпорын «Буденовское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – **«Серіктестік»**) осы **Жарғысы** оның атауын, мекенжайын, Қатысушылардың тізімін, олардың құқықтары мен міндеттерін, мақсатын және қызмет түрлерін, жарғылық капиталының көлемін, оның органдарын қалыптастыру тәртібін және олардың құзыретін, қайта ұйымдастыру ережелерін және оның қызметін тоқтатуды, Серіктестіктің қатысушыларына акпаратты және сатып алушыларға Серіктестіктің қызметі туралы және Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама қайшы келмейтін басқа да ережелер туралы акпарат бөлігін ұсыну тәртібін айғақтайды.
- 1.2. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылды.
- 1.3. Бұдан әрі бірге **«Қатысушылар»**, жеке **«Қатысушы»** деп аталатын Серіктестіктің Құрылтайшылары (қатысушылары):
 - (1) **«Казатомпром» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғам** (бұдан әрі - **«КАЗАТОМПРОМ»**), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Д.Қонаев көшесі, 10, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу

туралы куәлік № 41031-1901-АО, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің Астана қаласының Әділет департаментімен 2011 жылы 23 тамызда берілген, бастапқы мемлекеттік тіркеу: 1997 жыл 21 ақпан, бизнес-сәйкестендіру нөмірі 970240000816, мынадай банктік деректемелерімен қоса:

BSN 970240000816

IBANKZ356010131000049659 «Қазақстан Халық банкі» АҚ

BSKHSBKKZKX

BeK 16

(2) «**Степногорск тау-химия комбинаты**» **Жауапкершілігі шектеулі серіктестік** (бұдан әрі - «СТХК»), орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 021500, Ақмола облысы, Степногорск қ., 4-микрорайон, №2 ғимарат, 4-қабат, №4 кеңсе, мынадай банктік деректемелерімен қоса:

IBAN KZ219420122030000254

BSN040 940 006 583

SWIFTБСКЕХКАКZKA "Эксимбанк Қазақстан" Астана қаласындағы филиалында

1.4. Серіктестіктің заңды мекен жайы мен орналасқан орны: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Тілендиев көшесі, 258 «В», ;

1.5. Серіктестік атауы:

- Қазақ тіліндегі толық атауы – «Бірлескен кәсіпорын «Будёновское» жауапкершілігі шектеулі серіктестік, қысқаша – «БК «Будёновское» ЖШС»;
- Орыс тіліндегі толық атауы – Товарищество с ограниченной ответственностью «Совместное предприятие «Будёновское», сокращенное – ТОО «СП «Будёновское»»;
- Ағылшын тіліндегі толық атауы – Joint Venture Budenovskoye Limited Liability Partnership, сокращенное – JV Budenovskoye LLP.

1.6. Терминдер мен анықтамалар:

Осы Жарғының мәтінінде берілген анықтамалармен қатар бас әріппен басталатын келесі сөздер мен сөз тіркестері мәтінде мынадай мағыналарға ие

«**Қаржыландыру**» - Құрылтай шартында осы терминге берілген анықтамадағы мағынаны білдіреді;

«**СТХК қаржыландыруды қайтару мезгілі**» - Құрылтай шартында осы терминге берілген анықтамадағы мағынаны білдіреді;

«**Жұмыс бағдарламасы**» - Құрылтай шартында осы терминге берілген анықтамадағы мағынаны білдіреді;

«**Жарғы**» - «Бірлескен кәсіпорын «Будёновское» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің, оған енгізілуі мүмкін барлық өзгерістер мен толықтыруларын қосқандағы қазіргі жарғысын және «Осы Жарғыда», «Осы Жарғыға», «Осы Жарғымен», «осы жарғыдан», «осы Жарғының», «осы Жарғыға сәйкес» және Серкітестіктің осы Жарғысына жүгінетін ұқсас сөз тіркестерін білдіреді;

«**Құрылтай шарты**» - КАЗАТОМПРОМ және СТХК арасында 2016 жылғы «04» қазанда жасасылған «Бірлескен кәсіпорын «Будёновское» жауапкершілігі шектеулі

серіктестіктің, оның барлық қосымшаларын және Қатысушылардың енгізуі мүмкін барлық өзгерістер мен толықтыруларын қосқандағы құрылтай шартынбілдіреді;

«**Ауыртпалық**» - Қатысушының бөлігіне (жарты үлесіне) және/немесе Серіктестіктің мүлкіне деген құқықты шектеуді, соның ішінде, алайда бұнымен ғана шектелмейтін, кепілдік, мүлік үшін салық ұстап қалу, сонымен қатар жалға алу/беру құқығы, қосалқы жалға алу/беру, сервитут, опцион және Қазақстан Республикасының заңдарында көрсетілген тәртіпке сәйкес туындаған міндеттемелердің іске асырылуын қамтамасыз ететін кез келген тәсіл немесе жылжымайтын мүлікке иелену, пайдалану және/немесе иелік ету құқығын шектеу туралы айтылған келісімді білдіреді;

2. -БАП. СЕРІКТЕСТІКТИҢ ЗАҢДЫ МӘРТЕБЕСІ

- 2.1. Серіктестік жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылады және Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес құрылған және қызмет ететін заңды тұлға болып табылады.
- 2.2. Серіктестік белгіленбеген мерзімге құрылады. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылады.
- 2.3. Серіктестік мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап заңды тұлғаның құқығына ие болады және оның фирмалық атауы, фирмалық атауы көрсетілген мөрі, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі бұрыштама мөртабаны, фирмалық бланктері мен басқа да деректемелері, сауда белгісі мен бейнемелесі бар.
- 2.4. Серіктестік:
 - 2.4.1. өз атынан, мәмілелер жасасуға, меншік құқықтарын алуға, міндеттемелерді орындауға, сотта қуынушы және жауапкер болуға;
 - 2.4.2. Қазақстан Республикасында және шетелде заңды тұлғалармен бірлесе отырып, жылжымайтын мүлікті (ғимараттар, құрылыстар, жер учаскілерін, т.б.), бағалы қағаздары, өнеркәсіптік үлгілері, өнертабыстары, пайдалы модельдерді, ақпаратты, соның ішінде ғылыми-техникалық ақпаратты, сондай-ақ кез келген өзге де мүлікті және басқа да меншік құқықтарын алуға;
 - 2.4.3. Қазақстан Республикасының аумағында және шетелде филиалдармен өкілдіктерді құруға, басқа да заңды тұлғалармен қауымдастықтарға (одақтарға) кіруге, сондай-ақ басқа да заңды тұлғалардың құрылтайшысы болуға;
 - 2.4.4. Сатуға, айырбастауға, жалға беруге, уақытша пайдалануға және қарызға беруге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оның меншік құқығындағы мүлікке және мүліктік құқықтарына басқа да тәсілдермен иелік етуге;
 - 2.4.5. дербес балансқа, сондай-ақ заңда белгіленген тәртіпке сәйкес Қазақстан Республикасының банктерінде және шетелде шоттарашуға құқылы.
- 2.5. Серіктестік өзіне тиесілі барлық мүлікпен өзінің міндеттемелері бойынша жауап береді.
- 2.6. Серіктестік салым, өзінің кәсіпкерлік қызметінің нәтижесінде алған мүлік ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін негізде сатып

алынған мүлік ретінде жарғылық капиталға енген мүліктер мен ақшалардың иесі болып табылады.

2.7. Серіктестік Қатысушылардың міндеттемелеріне жауап бермейді, ал Серіктестіктің Қатысушылары оның міндеттемелеріне жауап бермейді, Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген жағдайларды санамағанда.

3. -БАП. СЕРІКТЕСТІККЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1. Серіктестікке қатысушылар:

- 3.1.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген тәртіпте Серіктестік істерін басқаруға қатысуға;
- 3.1.2. Осы Жарғыда көрсетілген тәртіпке сәйкес Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат алуға, оның бухгалтерлік және өзге де құжаттарымен танысуға;
- 3.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Серіктестіктің құрылтай құжаттарына және оның Қатысушыларының жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес Серіктестіктің қызметінен табыс алуға;
- 3.1.4. Серіктестік таратылған жағдайда кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүліктің бір бөлігінің құнын немесе серіктестіктің барлық қатысушыларының келісімі бойынша осы мүліктің бір бөлігін заттай алуға;
- 3.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген тәртіппен өз үлесін бөліп алу арқылы серіктестікке қатысуын тоқтатуға;
- 3.1.6. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген оның құқықтарын бұзған серіктестік органдарының шешімдеріне сот тәртібімен дау айтуға;
- 3.1.7. нарықтық жағдайлармен келісілген олардың бөлігіне сәйкес мөлшерде Серіктестік шығаратын өнімдерді, жұмыстарды және қызметтерді үшінші тұлғаларға басым тәртіпте сатып алуға құқылы;
- 3.1.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Құрылтай шартында және осы Жарғымен көзделген өзге де құқықтары бар.

3.2. Серіктестікке Қатысушылар:

- 3.2.1. құрылтай шартының талаптарын сақтауға және орындауға;
- 3.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында, құрылтай құжаттарында көзделген тәртіпте, мөлшерде және мерзімде серіктестіктің жарғылық капиталына салымдар салуға;
- 3.2.3. Серіктестік коммерциялық құпия деп жариялаған мәліметтерді жария етпеуге;
- 3.2.4. Осы Жарғының 1.3-тармағында көрсетілген мәліметтердің өзгергені туралы Серіктестіктің атқарушы органын жазбаша хабарлауға міндетті.
- 3.2.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Серіктестіктің құрылтай құжаттарында көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға міндетті.

4-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

- 4.1. Серіктестік Қазақстан Республикасының Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан «Буденовское» кен орнының № 6 және 7 учаскілерінде уранды барлау және өндіру бойынша жұмыс жүргізу және қайта өңдеу үшін уран шикізатымен СТХК жүктеу, сондай-ақ Қатысушылардың мүдделеріне сәйкес Серіктестіктің осындай қызметінен табыс алуға кәсіпкерлік қызметті іске асыру мақсатында құрылады.
- 4.2. Серіктестік қызметінің негізгі түрлері:
 - 4.2.1. Уранды және оның қосылыстарын барлау, өндіру, қайта өңдеу;
 - 4.2.2. Уран және оның қосылыстарын сақтау және тасымалдау;
 - 4.2.3. Өзге де негізгі бейорганикалық химиялық қосылыстарды өндіру;
 - 4.2.4. Қауіпті қалдықтарды жинау;
 - 4.2.5. Қауіпсіз қалдықтарды жинау;
 - 4.2.6. Қауіпті қалдықтарды өңдеу және жою;
 - 4.2.7. Қауіпсіз қалдықтарды өңдеу және жою;
 - 4.2.8. Серіктестік өндіретін өнімдерді іске асыру;
 - 4.2.9. Сыртқы экономикалық қызмет.
- 4.3. Осы Жарғының 4.2-тармағында көрсетілген қызметтердің бір түрі лицензияны және/немесе рұқсатнаманы талап еткен жағдайда, Серіктестік тиісті лицензияны және/немесе рұқсатнаманы алғаннан кейін осындай қызметті іске асырады.
- 4.4. Серіктестік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыруға құқығы бар.

5-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ МҮЛКІН ЖӘНЕ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ

- 5.1. Серіктестіктің жарғылық капиталы оның Қатысушыларының ақшалай және/немесе заттай салым салу арқылы, сондай-ақ мүліктік құқық түрінде құрылады.
- 5.2. Серіктестіктің мүлкі оның Қатысушыларының салымдары, Серіктестіктен алынған табыстар, Серіктестік өндірген өнімдер және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен құрылады.
- 5.3. Серіктестіктің жарғылық капиталы оның мемлекеттік тіркеу кезінде 400 000 (төрт жүз мың) теңгені құрады және Жарғының 5.5 тармағында көрсетілген мөлшердегі Құрылтайшылардың ақшалай салымдары есебінен құрылады.
- 5.4. Серіктестіктің Жарғылық капиталындағы Қатысушылардың үлесін және, тиісінше, олардың үлесі Серіктестік мүлік құнындағы олардың үлесі Серіктестіктің жарғылық капиталына түскен салымдарымен тең және пайызбен көрсетіледі.
- 5.5. Серіктестіктің мемлекеттік тіркеу кезінде бекітілген Жарғылық капиталының мөлшерін құру мақсатында оған түскен Қатысушылардың салымдары және жарғылық капиталдағы Қатысушылардың қатысу үлесі және Серіктестік мүлкінің құны төмендегідей бөлінеді:

Қатысушылар	Салым мөлшері	Жарғылық капиталдағы қатысу үлесі және Серіктестік мүлкінің құны
КАЗАТОМПРОМ	204 000 (екі жүз төрт мың) теңге	51%
СТХК	196 000 (жүз тоқсан алты мың) теңге	49%
БАРЛЫҒЫ:	400 000 (төрт жүз мың) теңге	100%

5.6. Қатысушылар Серіктестіктің жарғылық капиталын Қазақстан Республикасы заңнамасына және Серіктестіктің құрылтай құжаттарына сәйкес қалыптастырады.

5.7. Серіктестіктің жарғылық капиталын төмендету немесе арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің құрылтай құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

5.8. Серіктестіктің мүмкін шығындарын жабу үшін резервтік қор құруға болады. Резервтік қорды құру және оның мөлшері туралы шешімді Серіктестікке қатысушылар қабылдайды. Шығындарды жабу үшін резервтік қорда қаржының жетіспеген жағдайда Қатысушылар жалпы жиналыста оларды жабу үшін көздері туралы шешім қабылдайды.

Серіктестіктің басқа қорларын қалыптастыру тәртібі Қатысушылардың жалпы жиналысымен және Серіктестіктің ішкі құжаттарымен анықталады.

5.9. Серіктестік Жалпы жиналыстың тиісті шешімінсіз үшінші тұлғаларға сенімгерлік басқаруға өз мүлкін беруге құқығы жоқ.

6-БАП. СЕРІКТЕСТІК ОРГАНДАРЫ

6.1. Серіктестіктің органдары:

6.1.1. Серіктестіктің жоғары органы – Қатысушылардың жалпы жиналысы (Жарғы мәтінінде «Жалпы жиналыс» деп аталады);

6.1.2. Бақылаушы орган - Бақылаушы орган (Жарғы мәтінінде «Бақылаушы кеңес» деп аталады);

6.1.3. Бақылаушы орган – Тексеру комиссиясы (Жарғы мәтінінде «Тексеру комиссиясы» деп аталады);

6.1.4. Жекеше атқарушы орган – Бас директор (Жарғы мәтінінде «Бас директор» деп аталады).

7-БАП. ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

7.1. Жалпы жиналыстың ерекше құзыретіне:

7.1.1. Серіктестіктің Жарғысын, оның жарғылық капиталының мөлшерін, орналасқан жерін және фирмалық атауын өзгерту немесе Серіктестік жарғысының жаңа редакциясын бекіту;

7.1.2. Серіктестіктің атқарушы органын құру (Бас директорды сайлау) және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Серіктестікті немесе

оның мүлкін сенімгерлік басқаруға тапсыруғанемесе осындай тапсырыстың шарттарын белгілеу туралы шешім қабылдау;

- 7.1.3. Бас директордың еңбек ақысының мөлшерін анықтау, онымен жасалатын еңбек шарттың шарттарын бекіту, оған сыйлықақыны, бонустарды, оны көтермелеу шараларын және оған тәртіптік жаза қолдану туралы шешім қабылдау;
- 7.1.4. Байқаушы кеңестің өкілеттілігін сайлау және мерзімнен бұрын тоқтату;
- 7.1.5. Серіктестіктің Тексеру комиссиясын сайлау және өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату, Тексеру комиссиясының жылдық тексерулер жоспарын бекіту, сондай-ақ Серіктестіктің Тексеру комиссиясының есептері мен тұжырымдамаларын бекіту;
- 7.1.6. Серіктестіктің жылдық қаржы есебін бекіту және таза табысын үлестіру;
- 7.1.7. Серіктестіктің акциялардан айыру, жарғылық капиталына Серіктестікке жататын басқа да заңды тұлғалардың қатысу үлесі туралы шешім қабылдау;
- 7.1.8. бекітуі осы Жарғымен Серіктестіктің басқа да органдарының құзыретіне берілген құжаттардан санамағанда, ішкі ережелерді, оларды қабылдау рәсімін, Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін басқа да құжаттарды бекіту. Жалпы жиналыс бекітетін құжаттар:
 - Жалпы жиналыс туралы Ереже;
 - Бақылаушы кеңес туралы Ереже;
 - Тексеру комиссиясы туралы Ереже;
 - Серіктестіктің дивидендті саясаты;
- 7.1.9. Серіктестіктің өзге де шаруашылық серіктестіктерде, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.10. Серіктестікті қайта ұйымдастыру немесе жою туралы шешім қабылдау;
- 7.1.11. Ажыратушы комиссияны тағайындау және ажыратушы балансын бекіту;
- 7.1.12. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Серіктестікке қатысушының үлесін мәжбүрлі түрде сатып алу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.13. Серіктестіктің бүтін мүлкін кепілдікке салу туралы шешімді қабылдау, оның ішінде осындай мәмілелердің шарттарын бекіту, жер қойнауын пайдалану құқығын санамағанда, осы Жарғының 7.1.19 тармағымен реттелетін шешімді қабылдау тәртібін анықтау, сондай-ақ шарттары құрылтай шартының 13.4 тармағында көзделген Серіктестіктің мүлкін кепілдікке беру мәселесін шешу.
- 7.1.14. Қазақстан Республикасының жауапкершілігі шектеулі серіктестік туралы заңына сәйкес Серіктестік мүлкіне қосымша салымдар енгізу туралы шешім қабылдау;
- 7.1.15. Серіктестіктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешім қабылдау және олар туралы Ережені бекіту;
- 7.1.16. Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты Серіктестіктің Қатысушыларына және тұтынушыларына ұсыну тәртібін, мезгілін бекіту;
- 7.1.17. Серіктестіктің мәміле жасауын немесе нәтижесінде Серіктестіктің активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінен елу бір және одан артық

пайызды құрайтын мүлік айырылатын (айырылуы мүмкін) өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау;

7.1.18. Серіктестіктің аудитін іске асыратын аудиторлық ұйымды және аудиторлық ұйымның қызметтері үшін төлемақының мөлшерін айқындау;

7.1.19. жер қойнауын пайдалану құқықтарын алу (сатып алу), айыру (тапсыру, шегінім) және/немесе ауыртпалық ету, жер қойнауын пайдалану туралы келісімшарттарға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, жер қойнауын пайдалану құқықтарының пайда болуымен, өзгеруімен және жойылуымен байланысты өзге де заңды әрекеттерді, оның ішінде құзыретті мемлекеттік органдармен келістіруге (шешіміне) тиесілі жер қойнауын пайдалану үшін операциялар жүргізу туралы келісімшарттардың қосымшалары болып табылатын құжаттар жобаларын бекіту;

7.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне өтетін осы Жарғыны бекіткен күннен соң кез келген уақытта шешім қабылданатын басқа да мәселелер жатады.

7.2. Жалпы жиналыс, осы Жарғыдағы айқындалған құзыретіне қарамастан, Серіктестіктің қызметімен байланысты кез келген мәселені қарастыруға құқығы бар.

7.3. Серіктестікке қатысушылардың Жалпы жиналысы Серіктестіктің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Серіктестіктің өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқығы бар.

7.4. Жалпы жиналыста қарастыруға алынған және/немесе қарастырылып жатқан мәселелер бойынша шешімдер бірауыздан қабылданады.

7.5. Жалпы жиналысқа шақырған орган немесе тұлға (лар) Қатысушылардың Жалпы жиналысының ашылуынан бұрын 15 (он бес) күннен кешіктірмей әрбір Қатысушыны Серіктестіктің атқарушы органы жүргізетін Қатысушылар тізілімінде көрсетілген мекен-жайы бойынша оның өткізілуі туралы жазбаша хабардар беруі тиіс.

7.6. Кез келген Қатысушы Жалпы жиналыстың күн тәртібі бойынша өз ұсыныстарын оның ашылуына дейін 10 (он) күннен кешіктірмей енгізуге құқығы бар. Жалпы жиналысқа шақырған орган немесе тұлға (лар) келіп түскен ұсыныстарды қарастырып, Жалпы жиналыстың ашылуына дейін 10 (он) күннен кешіктірмей жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізу немесе бас тарту туралы шешім қабылдау міндетті. Қатысушылардың күн тәртібі бойынша ұсыныстарын қабылдаған жағдайда Жалпы жиналысқа шақырған орган немесе тұлға (лар) Қатысушыларды күн тәртібіне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі туралы хабардар беруі тиіс, ал Жалпы жиналыстың күн тәртібіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша ұсыныстардан бас тартқан жағдайда өтініш берушіге бас тарту туралы дәлелді жауапты оның ашылуына дейін 7 (жеті) күн бұрын жіберуі тиіс. Ұсыныстарды Жалпы жиналыстың күн тәртібіне енгізуден бас тартқан жағдайда және ол бойынша қабылданған шешімі өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзады, ол осындау шешімді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағымдана алады.

7.7. Жалпы жиналыста дауыс беру барысында Серіктестіктің әрбір қатысушысы Серіктестіктің жарғылық капиталындағы өз үлесіне сәйкес келетін дауыс санына ие.

7.8. Жалпы жиналыста отырған немесе ұсынылған Серіктестік қатысушыларының жалпы дауыс санының үштен екісіне ие болған жағдайда, Жалпы жиналыстың шешім қабылдауға құқығы бар, ал кворум шарттары сақтаулы болып саналады.

7.9. Жалпы жиналыстың қатысушылары қандай да бір мәселе бойынша шешімді екі реттен астам қабылдамаған, соның ішінде Жалпы жиналысты өткізуге арналған кворумның болмаған жағдайда, осы мәселені Қатысушылардың Директорлар кеңесі/Бақылаушы кеңесінің Төрағалары қарастырады. Сосын осындай мәселе бойынша шешім бір жыл бойы қабылданмаған жағдайда, Серіктестіктің Қатысушылары арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

8-БАП. БАҚЫЛАУШЫ КЕҢЕС

8.1. Бақылаушы кеңесі Серіктестіктің атқарушы органының қызметін бақылау үшін және Қазақстан Республикасының заңнамасына мен Жарғыда көрсетілген оның құзыретіне сәйкес басқа да өкілдіктерін жүзеге асыру үшін құрылады.

8.2. Бақылау кеңесінің мүшесі ретінде жеке тұлға ғана әрекет ете алады. Ол бір уақытта атқарушы органның мүшесі бола алмайды. Бақылау кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар шексіз рет қайта сайлана алады.

8.3. Серіктестіктің құрылған күннен бастап және СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін Бақылау кеңесі мынадай тәртіппен, құрамымен сайланады, сондай-ақ әрекет етеді:

8.3.1. Бақылаушы кеңес төрт (4) мүшелі құрамда сайланады. Сонымен қатар Бақылаушы кеңеске екі (2) кандидатты КАЗАТОМПРОМ және екі (2) кандидатты СТХК ұсынады;

8.3.2. Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесінің өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, Бақылаушы кеңесінің жаңа мүшесі осы Жарғының 8.3-тармағында көрсетілген мерзім ішінде сайланады, төмендегідей жүзеге асады:

- Бақылаушы кеңестің осындай жаңа мүшенің кандидатурасы өкілдіктері мерзімнен бұрын тоқтатылған Бақылаушы кеңестің мүшесіне кандидатураны сайлауға бастапқыда ұсынған Қатысушы ұсынады;
- Әрбір Қатысушы осы Жарғының 8.3.2 тармағын іске асыру мақсатында адал әрекет ете отырып, Осы Жарғының 8.3.2 тармағына сәйкес ұсынылған кандидатураларды алғашқы құрамды Бақылаушы кеңесінің мүшесіне сайлау туралы мәселеде бірауыздан оң шешім беру үшін алғашқы құрамды Бақылаушы кеңесінің мүшесін сайлау туралы Жалпы жиналыста Серіктестіктің қатысушысы ретінде ие ететін дауыспен дауыс береді;

8.3.3. Бақылаушы кеңесінің алғаш мүшелерінің өкілеттік мерзімі 5 жыл;

8.3.4. Жалпы жиналыс Бақылаушы кеңесінің төрағасын СТХК кандидатураларын сайлауға бұрын ұсынған және Жарғының 8.3.2 және 8.3.5 тармақтарын назарға ала отырып, Жарғының 8.3-тармағына сәйкес Бақылаушы кеңеске сайланған осы лауазымға СТХКның Бақылаушы кеңесінің мүшелері арасынан ұсынған кандидатура сайланады.

8.3.5. қандай да бір күмәнді болдырмау мақсатында Қатысушылар Жарғының 8.3 тармағына сәйкес сайланған Бақылаушы кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі (Бақылаушы кеңесінің төрағасын қоса алғанда) СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін аяқталған жағдайда, СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін сайланған Бақылаушы кеңесінің кез келген келесі құрамы және / немесе жеке

мүшелері, және / немесе Бақылаушы кеңесінің төрағасы осы Жарғының 8.3.1-8.3.4 тармақтарында белгіленген тәртіппен және шарттарға сәйкессайланады. Сонымен қатар, СТХК қаржыландыруын қайтару күні келген кезде осындай Бақылаушы кеңесінің өкілеттік мерзімі СТХК қаржыландыруын қайтару күні бұрын тоқтатылуы тиіс және Бақылаушы кеңестің келесі құрамы осы Жарғының 8.4 тармағында көрсетілген тәртіппен және шарттарға сәйкес сайланады;

8.3.6. Қатысушылар осымен әрбір Қатысушы осы Жарғының 8.3 тармағын орындау мақсатында адал әрекет ете отырып, қажет болған жағдайда, осы Жарғының 8.3 тармағына сәйкес Қатысушылардың Бақылаушы кеңесіне ұсынған кандидатураларды және Бақылаушы кеңестің төрағасын сайлау туралы мәселеде және осы Жарғының 8.3.5. тармағында көрсетілген жағдайда Бақылаушы кеңестің өкілеттілігін мерзімнен бұрын тоқтату мәселесінде бірауыздан оң шешім беру үшін Бақылаушы кеңесін және оның жеке мүшелерін (Бақылаушы кеңесінің төрағасын қоса алғанда) сайлау жөніндегі Жалпы жиналыста Серіктестіктің қатысушысы ретінде ие ететін дауыспен дауыс береді деп уағдаласты;

8.3.7. Бақылаушы кеңесінің отырысында Бақылаушы кеңесінің кем дегенде үш (3) мүшесі, оның біреуі КАЗАТОМПРОМ Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған болып табылатын Бақылаушы кеңестің мүшесі болған жағдайда Бақылаушы кеңесінің отырысы заңды, ал Бақылаушы кеңестің отырысын өткізу үшін кворум сақтаулы болып саналады.

Сонымен қатар, КАЗАТОМПРОМ кандидатурасын Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесі тиісті түрде шақырылған отырысқа келмесе, және осы себептен кворум қатарынан екі кез өтпесе, кворум КАЗАТОМПРОМ өкілісіз өтті деп саналады және Бақылаушы кеңестің бұндай отырысы Бақылаушы кеңестің құзыретіне жататын кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

Сонымен қатар, КАЗАТОМПРОМ кандидатурасын Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесі отырысқа келмесе, алайда бұл жағдай қатарынан екі реттен аса қайталанбаса, Бақылаушы кеңесі отырысының кворумы сақталынбады, Бақылаушы кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ болып табылады және кворум болмаған Бақылаушы кеңесті шақыру күнінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімінде қайта шақырылады.

Бақылаушы кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде, Бақылаушы кеңесінің әрбір мүшесі бір (1) дауысқа ие. Бақылаушы кеңесінің отырысында дауыстар тең болған жағдайда, Бақылаушы кеңесі Төрағасының даусы шешуші болып табылады;

8.3.8. Бақылаушы кеңесінің отырысында шешімдері Бақылаушы кеңесінің мұндай отырысқа қатысқан мүшелердің бірауыздан қабылданатын Жарғының 8.5.4, 8.5.5, 8.5.8. тармақтарында көрсетілген жағдайларды санамағанда, шешім мұндай отырысқа қатысқан оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады,

8.3.9. СТХК қаржыландыруын қайтару күні келгенде Бақылаушы кеңесінің барлық мүшелерінің (Бақылаушы кеңесінің төрағасы қоса алғанда) өкілеттіктерін тоқтатылады және Бақылаушы кеңесін және / немесе оның мүшелерін сайлау және қызметі (Бақылаушы кеңесінің төрағасы қоса алғанда) осы Жарғының 8.4 тармағына сәйкес іске асырылады.

8.4. СТХК қаржыландыруын қайтару күні келгенде Бақылаушы кеңес мынадай тәртіпте, құрамда сайланып, төмендегідей әрекет етеді:

8.4.1. Бақылаушы кеңес құрамы 5 (бес) мүшесі болған жағдайда сайланады. Сонымен қатар, Бақылаушы кеңеске үш (3) кандидатты КАЗАТОМПРОМ және екі (2) кандидатты СГХК ұсынады;

8.4.2. Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесінің өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылған жағдайда, Бақылаушы кеңесінің жаңа мүшесін сайлау төмендегідей жүзеге асады:

- Бақылаушы кеңестің осындай жаңа мүшенің кандидатурасы өкілдіктері мерзімнен бұрын тоқтатылған Бақылаушы кеңестің мүшесіне кандидатураны сайлауға бастапқыда ұсынған Қатысушы ұсынады;
- Әрбір Қатысушы осы Жарғының 8.4.2 тармағын іске асыру мақсатында адал әрекет ете отырып, Осы Жарғының 8.4.2 тармағына сәйкес ұсынылған кандидатураларды алғашқы құрамды Бақылаушы кеңесінің мүшесіне сайлау туралы мәселеде бірауыздан оң шешім беру үшін алғашқы құрамды Бақылаушы кеңесінің мүшесін сайлау туралы Жалпы жиналыста Серіктестіктің қатысушысы ретінде ие ететін дауыспен дауыс береді;

8.4.3. осы Жарғының 8.4 тармағына сәйкес сайланатын Бақылаушы кеңес мүшелерінің өкілеттік мерзімі Жалпы жиналыстың тиісті шешімімен орнатылады және 5 жылдан аспайтын мерзімді құрайды;

8.4.4. Бақылаушы кеңесінің төрағасын Бақылаушы кеңесінің мүшелері Бақылаушы кеңесінің мүшелері, осы Жарғының 8.4 -тармағына сәйкес КАЗАТОМПРОМ ұсынған кандидаттар арасынан Бақылаушы кеңесінің мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусы арқылы сайлайды.

8.4.5. Қатысушылар осымен әрбір Қатысушы осы Жарғының 8.4 тармағын орындау мақсатында адал әрекет ете отырып, қажет болған жағдайда, осы Жарғының 8.4 тармағына сәйкес Қатысушылардың Бақылаушы кеңесіне ұсынған кандидатураларды сайлау туралы мәселеде бірауыздан оң шешім беру үшін Бақылаушы кеңесін және оның жеке мүшелерін сайлау жөніндегі Жалпы жиналыста Серіктестіктің қатысушысы ретінде ие ететін дауыспен дауыс береді деп уағдаласты;

8.4.6. Бақылаушы кеңесінің отырысында Бақылаушы кеңесінің кем дегенде үш (3) мүшесі, оның екеуі КАЗАТОМПРОМ және СТХК Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған кандидатура болып табылатын Бақылаушы кеңесінің мүшесі болған жағдайда Бақылаушы кеңесінің отырысы заңды, ал Бақылаушы кеңестің отырысын өткізу үшін кворум сақтаулы болып саналады.

Сонымен қатар, СТХК кандидатурасын Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесі тиісті түрде шақырылған отырысқа келмесе, және осы себептен кворум қатарынан екі кез өтпесе, кворум СТХК өкілісіз өтті деп саналады және Бақылаушы кеңестің бұндай отырысы Бақылаушы кеңестің құзыретіне жататын кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқығы бар.

Сонымен қатар, СТХК кандидатурасын Бақылаушы кеңесіне сайлау үшін ұсынған Бақылаушы кеңесінің қандай да бір мүшесі отырысқа келмесе, алайда бұл жағдай қатарынан екі реттен аса қайталанбаса, Бақылаушы кеңесі отырысының кворумы сақталынбады, Бақылаушы кеңесінің отырысы күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ болып табылады және кворум болмаған Бақылаушы кеңесті шақыру күнінен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күн мерзімінде қайта шақырылады.

- 8.4.7. Бақылаушы кеңесінің отырысында дауыс беру кезінде, Бақылаушы кеңесінің әрбір мүшесі бір (1) дауысқа ие. Бақылаушы кеңесінің отырысында дауыстар тең болған жағдайда, Бақылаушы кеңесі Төрағасының даусы шешуші болып табылады;
- 8.4.8. Бақылаушы кеңесінің отырысында шешімдері Бақылаушы кеңесінің мұндай отырысқа қатысқан мүшелердің бірауыздан қабылданатын Жарғының 8.5.4, 8.5.5, 8.5.8. тармақтарында көрсетілген жағдайларды санамағанда, шешім мұндай отырысқа қатысқан оның мүшелерінің жай көпшілік дауысымен қабылданады,

8.5. Бақылаушы кеңестің құзыретіне:

- 8.5.1. Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 8.5.2. Жалпы жиналысқа Серіктестіктің таза табысын бөлу туралы ұсыныс беруге;
- 8.5.3. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын Серіктестіктің немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 8.5.4. Құрылтай шартының 13.4 тармағында көзделген шарттарға сәйкес Серіктестіктің мүлкін кепілге беруді санамағанда, Серіктестіктің қызметін қаржыландыру үшін Серіктестіктің кез келген қарызды тарту мәмілелерін жасау туралы шешім қабылдау;
- 8.5.5. Серіктестіктің мәміле жасауын немесе нәтижесінде Серіктестіктің жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен он (10) және одан артық пайызды құрайтын мүлік айырылатын (айырылуы мүмкін) өзара байланысты мәмілелер жиынтығын мақұлдау туралы шешім қабылдау;
- 8.5.6. Бас директордың Бақылаушы кеңеске Серіктестіктің қызметі оның қаржы есептілігі туралы ақпаратты беру тәртібін және мерзімін айқындау;
- 8.5.7. Серіктестіктің қаржы директоры, қауіпсіздік жөніндегі директоры, бас инженер және бас бухгалтері лауазымдарына кандидаттарды бекіту;
- 8.5.8. Серіктестіктің даму жоспары және жылдық бюджетін бекіту;
- 8.5.9. Серіктестіктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту, сондай-ақ:
- Серіктестіктің штаттық қызметкерлерінің санын, Серіктестіктің штаттық кестесін, Серіктестіктің орталық аппаратының құрылымын, дайын өнімді шығару кестесі; сондай-ақ Серіктестіктің қызметкерлеріне еңбекақы мен сыйақыны беру тәртібі мен шарттарын реттейтін құжат;
 - Серіктестіктің есепке алу саясатын;
 - Серіктестіктің салық саясатын;
 - Серіктестіктің қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен шарттарын реттейтін құжат;

- Қызметтік іссапарларға жіберілетін Серіктестік қызметкерлерінің шығындарын өтеу тәртібі мен шарттарын реттейтін құжаттар;
- Қызметкерлерке ұялы байланысты пайдалануға, өкілдік шығыстар шегі берілген жағдайда Серіктестіктің есебінен жұмсалатын шығындардың шегін анықтау;
- Серіктестіктің әкімшілік аппаратын орналастыру үшін қызметтік жеңіл автокөліктердің нормативтерін, алаңдар ауданын анықтау;
- Серіктестіктің мүлкін іске асыруды реттейтін құжаттарды;
- Стратегиялық, орта мерзімді және жылдық жоспарларды пайдалану ережесін қалыптастыру, келістіру, бекіту, түзету және қадағалау;
- Инвестициялық саясатты;
- Күрделі салымдарды дәлелдеу тәртібін;
- Инвестициялық жоспарлау әдістерін;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі саясатты;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі ережені;
- Тәуекел-тәбет ішкі бақылауды тексеру ережесін;
- Регистр және тәуекелдер картасын;
- Тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігінің көрсеткіштері және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін талдау;
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі тоқсандық есептерін;
- Жеке тәуекелдерді басқару және атқарушы органның құзыретінде емес тәуекелдер бойынша басқа да құжаттарды басқару ережесін;
- «Сатуды жоспарлау жүйесінің» ережелерін;
- Техникалық комитет туралы ереже;
- «Тау-кен жұмыстарының жоспарын қалыптастырудың» уақыт тәртібін;
- Қаржы Комитеті туралы ереже;
- Корпоративтік хатшы туралы ереже;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алудың уақыт тәртібін (құжатталған процедура);
- Басшылар қызметінің негізгі көрсеткіштері;
- Атқарушы органның және жалпы жиналыстың құзыретіне жатпайтын өзге де құжаттар.

8.5.10. Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

8.5.11. Нәтижесінде Серіктестік көлемі теңгемен немесе шетелдік валютада 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларын және Серіктестіктің жарғылық капиталының

(сомасы) көлемінен 10 (он) пайызды құрайтын мүлікті айыратын (айыруы мүмкін) мәміле немесе өзара байланысты мәмілелер жиынтығын жасау туралы шешім қабылдау;

8.5.12. Уран шикізатын СТХК қуаттарында өңдеу мүмкін болмаған жағдайда, үшінші тұлғалардың қолжетімді қуаттарында өңдеу туралы шешім қабылдау;

8.5.13. Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Жарғымен Бақылаушы кеңесінің құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

8.6. Бақылаушы кеңесінің жұмыс, Бақылаушы кеңесінің шешім қабылдау және бас тарту тәртібі, оның мүшелерінің өкілеттігі, сондай-ақ Бақылаушы кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және жалпы жиналыспен бекітілетін Бақылаушы кеңесі туралы ереженің реттелмеген бөлігіне сәйкес анықталады

8.7. Бақылаушы кеңесі осы Жарғының 8.3.7 және 8.4.6 тармақтарында көрсетілген кворумның жоқтығы себебінен шешімді қабылдамаған жағдайды санамағанда, осы Жарғының 8.3.8 және 8.4.8 тармақтарына сәйкес Серіктестіктің Бақылаушы кеңесі бірауыздан шешім қабылдайтын қандай да бір мәселе бойынша шешім қабылдамаған жағдайда, бұл мәселе Серіктестік Қатысушылардың Жалпы жиналысында қарастырылатын болады. Қатысушылардың Жалпы жиналысы қандай да бір мәселе бойынша екі реттен аса шешім қабылдамаған және Жалпы жиналысыты өткізу үшін кворумның жоқ болған жағдайда, бұл сұрақты Қатысушылардың Директорлар кеңесі/Бақылаушы кеңесінің төрағалары қарастыратын болады. Сосын, егер осы мәселе бір жыл ішінде шешілмесе, Серіктестікке Қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

9. –БАП. ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ

9.1. Серіктестіктің қызмет ету мерзімінде Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметін бақылау үшін 3 (үш) жылдық мерзімге құрамы 3 (үш) адамнан кем емес, оның ішінде 2 (екі) адам ҚАЗАТОМПРОМ өкілі және 1 (бір) СТХК өкілі болып табылатын Серіктестікке Қатысушылар арасынан Тексеру комиссиясы құрылуы тиіс. Жалпы жиналыс Тексеру комиссиясының Төрағасын Тексеру комиссиясының мүшелері, яғни ҚАЗАТОМПРОМ өкілдерінің арасынан тағайындайды.

9.2. Серіктестіктің Бас директоры және Бақылаушы кеңесінің мүшесі Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

9.3. Тексеру комиссиясы Серіктестіктің атқарушы органының қаржы-шаруашылық қызметін кез келген уақытта тексеруге құқығы бар. Тексеру комиссиясының мүшелері осы мақсаттар үшін Серіктестіктің барлық ақпаратына еш кедергісіз қол жеткізу құқығы бар.

9.4. Тексеру комиссиясының өтініші бойынша Бас директор ауызша және жазбаша түрде қажетті түсініктемелер беруге міндетті.

9.5. Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеруге арналған жылдық жоспарды

Тексеру комиссиясының төрағасы әзерлейді және Жалпы жиналыста бекітелді.

9.6. Тексеру комиссиясының жұмысы тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Жарғыға және Жалпы жиналысымен бекітілген Тексеру комиссиясының туралы Ережемен айқындалады.

10. –БАП. БАС ДИРЕКТОР

10.1. Жарғыда белгіленген құзыреті шегінде Серіктестіктің қызметін басқаратын және істерін жүргізетін Серіктестіктің жеке дара атқарушы органы Бас директоры болып табылады.

10.2. Бас директордың еңбек шартын Серіктестіктің атынан Серіктестіктің Бақылаушы кеңесінің төрағасы қол қояды.

10.3. СТХК қаржыландыруын қайтару мезгілі келгенде, Бас директоры Жалпы жиналысының тиісті шешімімен белгіленген (5) бес жылдан аспайтын мерзімге тағайындалады және осы лауазымға шексіз рет тағайындала алады. Сонымен қатар, жалпы жиналыста бекіту үшін Серіктестіктің Бас директорының кандидатурасын КАЗАТОМПРОМ ұсынады.

10.4. Серіктестіктің құрылған күнінен бастап және СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін Бас директордың сайлау рәсімі мынадай тәртіппен өтеді:

10.4.1. Жалпы жиналысында сайлау үшін Бас директордың кандидатын СТХК ұсынады. Бұл жағдайда, КАЗАТОМПРОМ экономика және қаржы жөніндегі Бас директордың орынбасарының және өндіріс жөніндегі Бас директордың бірінші орынбасарының кандидатураларын ұсынады.

10.4.2. осы Жарғының 10.4.6 тармағын назарға ала отырып, Бас директор (5) бес жылдан аспайтын мерзімге сайланады. Сонымен қатар, Бас директордың бірінші орынбасары 5 (бес) жыл мерзіміне сайланады;

10.4.3. Бас директордың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, жалпы жиналыстың жаңа (келесі) Бас директорын сайлау үшін кандидатураны СТХК ұсынады.

10.4.4. Қандай да бір күмәнді болдырмау мақсатында Қатысушылар Бас директорды сайлаған мерзімі СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін аяқталса, СТХК қаржыландыруын қайтару күніне дейін келесі немесе кез келген Бас Директорды немесе алдыңғы Бас Директорды қайта сайлау Жарғының 10.4.1-10.4.3 тармақтарында көзделген тәртіпке және шарттарға сәйкес жүзеге асады деп уағдаласты. Бұл жағдайда, СТХК қаржыландыруын қайтару күні келгенде Бас директордың өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтатылады және осы Жарғының 10.3. тармағында көзделген тәртіпке және шарттарға сәйкес келесі Бас директор тағайындалады.

10.4.5. Қатысушылар осымен әрбір Қатысушы осы Жарғының 10.4 тармағын орындау мақсатында адал әрекет ете отырып, қажет болған жағдайда, осы Жарғының 10.4 тармағына сәйкес СТХК Бақылаушы кеңесіне ұсынған кандидатураларды сайлау туралы мәселеде және Жарғының 10.4.4 тармағына сәйкес Бас директордың өкілеттілігі мерзімнен бұрын тоқтату жөніндегі мәселеде бірауыздан оң шешім беру үшін Бақылаушы кеңесін және оның жеке мүшелерін сайлау жөніндегі Жалпы жиналыста Серіктестіктің қатысушысы ретінде ие ететін дауыспен дауыс береді деп уағдаласты;

10.4.6. СТХК қаржыландыруын қайтару күні келген жағдайда Бас директордың өкілеттігі тоқтатылады және Бас директорды сайлау тәртібі осы Жарғының 10.3 тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

10.5. Бас директор Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалған өкілеттіктер шегінде Серіктестіктің қызметін басқарады, Серіктестіктің мүдделерімен таныстырады және сенімхатысыз Серіктестіктің атынан барлық іс-әрекетті жүзеге асырады, банктерде шоттар ашады, операцияларды жүзеге асырады, мақсаттарын іске асыру үшін келісімдер мен келісім-шарттар жасайды, сенімхат береді, Серіктестіктің қызметкерлерінің орындауы міндетті бұйрықтар, тапсырмалар және нұсқаулар шығарады.

10.6. Серіктестіктің Бас директоры:

10.6.1. Жалпы жиналысының және Бақылаушы кеңесінің шешімдерін іске асырады;

10.6.2. Серіктестіктің қызметімен байланысты мәселелерді шешу үшін Жалпы жиналысқа және Бақылаушы кеңеске ұсынады;

10.6.3. Серіктестіктің штаттық кестесін әзірлейді және Бақылаушы кеңеске бекіту үшін ұсынады;

10.6.4. Серіктестікке қызметкерлерді қабылдайды және жұмыстан босатады, олармен Қазақстан Республикасының заңнамасына, Байқаушы кеңестің шешімдеріне сәйкес еңбек шартын жасасады және оны тоқтатады, Байқаушы кеңеспен және Байқаушы кеңестің шешімдерімен бекітілетін ішкі құжаттарға сәйкес Серіктестіктің қызметкерлерін көтермелеу үшін шараларды қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады, еңбекақы жүйесін анықтайды, сыйақы беру мәселесі бойынша шешім қабылдайды.

10.7. Бас директоры Серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы Жалпы жиналыс пен Бақылаушы кеңестің алдында есеп береді.

10.8. Бас директор Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету үшін Жалпы жиналыстың және /немесе Серіктестіктің өзге де органдарының ерекше құзыретіне жатпайтын мәселелерден басқа барлық мәселелермен айналысады.

10.9. Бас директор өз міндеттерін жүзеге асыру кезінде Серіктестіктің мүдделеріне сәйкес, адал және ақылға қонымды әрекет етуі тиіс.

10.10. Бас директор Жалпы жиналыстың және Бақылаушы кеңестің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы бар.

11-БАП. СЕРІКТЕСТІК ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЫНДАҒЫ ҚҰЖАТТАР БӨЛІГІН ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ ҚАТЫСУШЫҒА ЖӘНЕ ҮЛЕСТІ САТЫП АЛУШЫҒА БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН УАҚЫТЫ

11.1. Серіктестік кез келген Қатысушының талабы бойынша Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттардың көшірмесін және Қатысушылардың мүдесін қозғайтын Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті.

11.2. Серіктестік қатысушыларының мүддесін қозғайтын ақпарат, бұл:

- 11.2.1. Серіктестіктің органдары қабылдаған шешімдер, сондай-ақ қабылданған шешімдердің жүзеге асқаны туралы ақпарат;
 - 11.2.2. Серіктестіктің меншікті капиталының көлемінен 25 (жиырма бес) және одан аса пайызды құрайтын соманы қарыз алу;
 - 11.2.3. Нәтижесінде Серіктестіктің меншікті капиталының көлемінен 25 (жиырма бес) және одан аса пайызды құрайтын сомаға мүлік алынатын немесе айырылатын ірі мәміле немесе өзара байланысты мәмілелердің жиынтығы жасау;
 - 11.2.4. Серіктестіктің кез келген бір қызмет түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі әрекетті іске асыруға лицензиялар алу, олардың күшін тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Серіктестіктің бұрын алған кез келген бір қызмет түрін жүзеге асыруға және (немесе) белгілі әрекетті іске асыруға лицензияларының күшін жойылуы;
 - 11.2.5. Серіктестіктің мүлкіне тыйым салу;
 - 11.2.6. Нәтижесінде Серіктестіктің жалпы активтерінің 10 (он) пайызын немесе одан аса соманы құрайтын Серіктестіктің мүлкі жойылған төтенше жағдайлардың басталуы;
 - 11.2.7. Серіктестіктің және (немесе) оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;
 - 11.2.8. Серіктестіктің мәжбүрлі қайта ұйымдастыру туралы шешім;
 - 11.2.9. Аудиторлық есеп (егер бар болса);
 - 11.2.10. Тексеру комиссиясы;
 - 11.2.11. Серіктестіктің жылдық және тоқсан сайынғы қаржылық және басқару есептілігі;
 - 11.2.12. Корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалғаны туралы ақпарат;
 - 11.2.13. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Жарғыда көзделген Қатысушылардың мүдделерін қозғайтын өзге де ақпарат.
- 11.3. Серіктестіктің қызметіне қатысты құжаттар Серіктестіктің қызмет ету мерзімі бойынша, Серіктестіктің атқарушы органының орналасқан жеріне сәйкес сақталады.
- Мынадай құжаттардың сақталуы тиіс:
- 11.3.1. Серіктестіктің Жарғысы, Серіктестіктің Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 11.3.2. Серіктестіктің құрылтай жиналысының хаттамасы;
 - 11.3.3. Құрылтай шарты, Құрылтай шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
 - 11.3.4. Серіктестіктің белгілі бір қызметпен айналысу және (немесе) белгілі бір әрекеттерді орындау үшін лицензия;
 - 11.3.5. Серіктестіктің балансында бар (болған) мүлікке қатысты оның құқығын растайтын құжаттар;
 - 11.3.6. Серіктестіктің филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

- 11.3.7. Қатысушылардың Жалпы жиналысының хаттамасы, Серіктестікке Қатысушылардың жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар;
- 11.3.8. Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысын өткізу үшін ұсынылатын Серіктестік Қатысушыларының тізімі;
- 11.3.9. Бақылаушы кеңестің күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, Бақылаушы кеңесі отырыстарының хаттамалары (сырттай отырыстарының шешімдері);
- 11.3.10. Бас директордың шешімдері.
- 11.3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген Серіктестіктің қызметіне қатысты басқа да құжаттар.
- 11.4. Басқа құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген мерзім ішінде сақталады.
- 11.5. Серіктестіктің атқарушы органы Қатысушыларға осы Жарғының 11.2 – 11.3 тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмесі мен ақпаратты Қатысушыдан тиісті ауызша немесе жазбаша өтініш Серіктестікке келіп түскен күннен бастап, егер өтініште басқа мерзім көрсетілмесе 5(бес) күнтізбелік күн ішінде ұсынады.
- 11.6. Серіктестіктің Бас директоры корпоративтік дау бойынша сотта істің қозғалғаны туралы Серіктестіктің қатысушыларын хабарлауға міндетті.
- 11.7. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғалғаны туралы ақпарат Жалпы жиналыстың шешіміне сәйкес Серіктестіктің азаматтық іс бойынша тиісті сот хабарлауын алған немесе шақырылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей Серіктестіктің Қатысушыларына ұсынылуы тиіс.
- 11.8. Алушы Серіктестікпен жария етпеу туралы келісімге қол қойған жағдайда, кез келген Қатысушының жазбаша хабарлама негізінде, сондай-ақ осындай хабарламаны алған күннен бастап 10(он) күнтізбелік күн ішінде Серіктестік қатысушы үлесін алушы ретіндегі Қатысушыдан келген хабарламада көрсетілген тұлғаға 10.2 тармақта көрсетілген Серіктестіктің қызметі туралы ақпаратты беруі тиіс. Алушыға берілетін ақпарат көлемі және оны беру тәртібі алдын ала алу туралы шартымен белгіленеді.
- 11.9. Серіктестіктің қызметі туралы ақпарат, сондай-ақ Серіктестік туралы басқа да қолжетімді ақпарат Серіктестіктің ресми сайтында және (немесе) «Заң газетінде» және / немесе «Егемен Қазақстан» газеттерінде жарияланады.

12. –БАП. ЕСЕП ЖӘНЕ ЕСЕПТІЛІК

- 12.1. Тексеру комиссиясы және/немесе Серіктестік органдарының мүліктік мүдделерімен байланысты емес (Сыртқы аудитор) Аудиторлық ұйым (аудитор) Серіктестік істерінің ағымдағы жағдайын тексереді, сондай-ақ Серіктестіктің жылдық қаржылық есептілігінің дұрыстығын растайды.
- 12.2. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өз қызметінің барлық есеп түрлерін жүзеге асырады.
- 12.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасын сәйкес өз қызметінің нәтижелерін есепке алады, салықтық, статистикалық және қаржылық есепті жүргізеді.

- 12.4. Есепке алудың барлық түрлерін жүргізу бойынша жауапкершілік Серіктестіктің Бас директорына жүктеледі.
- 12.5. Есептің барлық түрлері бойынша деректерді ұсынбағаны немесе бұрыс деректерді ұсынғаны үшін Бас директор және Серіктестіктің басқа да лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.
- 12.6. Серіктестіктің қаржылық жылы бір күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанына дейін белгіленеді.
- 12.7. Серіктестік есепке алу мен есептіліктің тәртібін үшін және сенімділігін сақтамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

13. –БАП. СЫРТҚЫ АУДИТОР

- 13.1. Қатысушылардың жалпы жиналысы аудиторлық есебінсіз жылдық қаржылық есептілікті бекіту құқығы жоқ.
- 13.2. Серіктестіктің Сыртқы аудиторы болып Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген аудиторлық ұйымдар тізіміндегі, Қазақстан Республикасының заңнамасына және Серіктестіктің осы Жарғысына сәйкес анықталған аудиторлық компания тағайындалады.
- 13.3. Аудиторлық тексерітен өткен жылдық қаржылық есеп Қатысушыларға қаржылық есептілікті бекітуге арналған Жалпы жиналысты өткізу уақытына дейін 15 (он бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей ұсынылады.

14. –БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫСЫ

- 14.1. Корпоративтік хатшы Серіктестіктің Бақылаушы кеңесінің немесе атқарушы органның мүшесі болып табылмайтын, Бақылаушы кеңесінің төрағасына тікелей бағынбайтын, Серіктестіктің қызметкері.
- 14.2. Корпоративтік хатшының құзыреттілігі мен функциялары осы Жарғымен, Корпоративтік хатшы туралы ережемен және Корпоративтік хатшының Серіктестікпен жасаған еңбек шартымен анықталады.
- 14.3. Корпоративтік хатшыны тағайындау және оның өкілеттігін тоқтату туралы шешімді Серіктестіктің Бақылаушы кеңесі қабылдайды.
- 14.4. Корпоративтік хатшының міндеттері мыналар болып табылады:
- Бақылаушы кеңесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Серіктестіктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Серіктестік Қатысушыларының жалпы жиналысының әзірлеу бойынша іс-шараларды жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;
 - Серіктестік Қатысушыларының Жалпы жиналысының, Бақылаушылар кеңесінің және Бас директорының арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

- Серіктестіктегі корпоративтік басқарудың деңгейін арттыруға бағытталған (құзыреті шегінде) іс-шараларды жүзеге асыру.

14.5. Бақылаушы кеңес Қазақстан Республикасының заңнамасына және еңбек шартына сәйкес Корпоративтік хатшының өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдауға құқылы бар.

15-БАП. СЕРІКТЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

- 15.1. Серіктестікті қайта құру (қайта құрылуы, бірігуі, қосылуы, бөлінуі, бөлініп шығуы) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асады.
- 15.2. Серіктестік:
- 15.2.1. Қатысушылардың жалпы жиналысының шешімі бойынша (еркін таралу);
- 15.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген негізде сот шешімі бойынша (мәжбүрлі) таратыла алады;
- 15.3. Серіктестік Қазақстан Республикасының заңнамасында көрсетілген тәртіпке сәйкес таралады.

16-БАП. СОҢҒЫ ЕРЕЖЕЛЕР


- 16.1. Осы Жарғының қандай да бір ережесінің күші жойылса, онда бұл оның қалған ережелерін қозғамайды.
- 16.2. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қатысушылардың жалпы жиналысымен ұсынылады және бекітіледі, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.
- 16.3. Осы Жарғымен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасына және Қатысушылардың Жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес шешіледі.
- 16.4. Осы Жарғы нотариалды тіркелуге дайын және бірдей заңды күші бар, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 3 (үш) түпнұсқада жасалды.

Қатысушылар:

«Казатомпром» Ұлттық атом компаниясы» Акционерлік қоғам:

2016 жылғы 10 тамыздағы №180-Д сенімхат негізінде әрекет ететін өндіріс жөніндегі басқарушы директор, Демехов Юрий Васильевич


Қолы:



«Степногорск тау-химия комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестік:

Жарғы негізінде әрекет етуші Бас директор әрекет ететін Татаров Игорь Витальевич

Қолы:



Четвертое октября две тысячи шестнадцатого года, город Астана, Республика Казахстан. Я, Адилова Асем Мустахимовна, частный нотариус города Астана, государственная лицензия №12019359, выдана 24.12.2012 года Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи, Министерства юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи гр.– **Демехова Юрия Васильевича** – управляющего директора по производству Акционерного общества «Национальная атомная компания «Казатомпром», Татарова Игоря Витальевича, Генерального директора Товарищества с ограниченной ответственностью «Степногорский горно-химический комбинат», которые сделаны в моем присутствии. Личность подписавших, установлена, полномочия и дееспособность проверены.



Зарегистрировано в реестре за №1474
Взыскано: опл. тенге

Частный нотариус:



04 ОКТ 2016
«
Пронумеровано и пронумеровано
22 1474/16
Нотариус
ГОДА